



# ИННОВАЦИОННО-ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТИ

**ЖЕТІСТІККЕ АПАРАР ЖОЛ!**



**Бүгінгі нөмірде:**

- ♦ Бізге 17 ... **2 бет**
- ♦ Қашықтықтан оқу түрі: үйден шықпай ЖОО-да білім алу **2 бет**
- ♦ Біздің халықаралық байланысымыз **3 бет**
- ♦ ЖОО-ға қабылдау тәртібі **4 бет**
- ♦ ИНЕУ мамандықтары: ЖОО, колледж **4 бет.**

\*\*\*

**ИНЕУ СТУДЕНТТЕРІ  
ҮШІН**

**ОҚУ ТӨЛЕМІН  
ӨТЕУДЕГІ  
ЖЕҢІЛДІКТЕР  
ЖҮЙЕСІ:**

- аттестаттың орташа балы бойынша
- үздік оқуы
- қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуы үшін
- бір отбасынан екі немесе одан көп студент білім алатындарға отбасылық жеңілдіктер
- үздік спортшыларға
- кәсіби бағдар жұмысына белсене қатысқаны үшін

**Аса үздіктер үшін**

- Президенттік "Болашақ" бағдарламасы
- облыс әкімінің гранттары және шәкіртақысы
- халықаралық білім қорларының шәкіртақысы
- қала әкімі және аудан әкімдерінің жетім-балаларға арналған гранттары
- шет ел кәсіпкерлерінің гранттары
- аймақ кәсіпорындарының гранттары
- ИНЕУ-дің гранттары және шәкіртақысы
- ИНЕУ-де жұмыс пен оқуды қатар алып жүруге мүмкіндік бар

**БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**

Павлодар қ., Ломов көшесі, 45, 1 корпус. 115 кабинет. Тел. +7(7182) 57-00-15, 47-42-08.

[www.ineu.edu.kz](http://www.ineu.edu.kz)

**ИНЕУ бүгінде**

## ӨЗІҢЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІН АШ!

- **ИНЕУ** - Қазақстан Республикасындағы бәсекеге қабілетті техникалық, ғылыми жаратылыстану, экономикалық, заңгер және гуманитарлық бағыттағы 58 әр саланың мамандарын дайындауды қамтамасыз ететін көпсалалы жетекші оқу орын. 1991 жылы негізі қаланды.

- **ИНЕУ-де** көпдеңгейлі білім беру жүйесі жұмыс істейді; мектеп-лицей, кәсіби лицей, колледж, бакалавриат, магистратура, аспирантура, докторантура PhD.

- **ИНЕУ-де** 12 000-нан аса студент оқиды, оның ішінде, алыс шетел және ТМД елдерінен 150 студент бар, 2 000 астам студент мемлекеттік білім мен облыс әкімінің, ИНЕУ грантын, сондай-ақ отандық және шетелдік кәсіпкерлер грантын иеленген. Оқу үрдісі қазақ, орыс және ағылшын, неміс тілдерінде күндізгі, кешкі, сыртқы және қосалқы, қашықтық оқудың түрі бойынша жүргізіледі.

- **ИНЕУ** - тәуелсіз Қазақстан Республикасының замандасы. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлап, олар бүгінгі таңда аймақтың, республиканың, алыс және жақын шетелдердің әртүрлі қызмет салаларында жемісті еңбек етуде.

- **ИНЕУ** - техникалық жағынан қазіргі заман талабына сай қамтамасыз етілген 5 оқу корпусы; ақпараттық-кітапханалық кешені,

Интернет желісіне қосылған компьютер сыныптары, редакциялық-баспа орталығы, спорт залдары, студенттік кафе, Усолка жағалауындағы демалыс аймағы, автомектебі және қолайлы жатақханасы бар студенттер қалашығы.

- **ИНЕУ** ғылыми кітапханасы Қазақстан ЖОО кітапханасы ассоциациясының, Ақпараттық консорциумның мүшесі, "Сорос-Қазақстан" қоры грантының иегері. Кітапханада жаңа ғылыми-әдістемелік және оқу әдебиеттеріне бай кітап қоры бар. Оқырмандарға электронды каталог, медиатека, Интернет кафе, төрт мамандандырылған оқу залы қызмет жасайды.

- **ИНЕУ** профессор-оқытушы құрамының біліктілігі жоғары: ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары қызмет істейді. Білім беру үрдісін ұйымдастыруға Қазақстанның танымал ғалымдары, шетел ЖОО-ның профессорлары, әлемдік Бейбітшілік корпусы волонтерлері және Ертіс-Павлодар аймағындағы кәсіпорындар мен мекемелердің, коммерциялық құрылымдардың жетекші мамандары, мәдениет және ғылым қызметкерлері тартылады.

- **ИНЕУ-де** Сізге ҚР-ның мемлекеттік үлгідегі дипломы және

Ресей, АҚШ, Германия елдерінің дипломы мен қосымша кәсіби курстардан өткендігіңіз жөнінде сертификаттар тапсырылады (кәсіби біліктілікті жетілдіру институты, шет тілі, ақпараттық технология, қызметкерлерді басқару психологиясы және т.б.).

- **ИНЕУ-де** тұғырнамалық тіл тұжырымдамасы бойынша 2007 жылдан үндіеуропалық және шығыс тілдері бойынша мамандар даярлайды.

- **ИНЕУ-де** Гете-институтының (Германия) Аймақтық тіл орталығы, Тілдік өзіндік орталығы қызмет жасайды.

- **ИНЕУ** студенттері мен оқытушылары халықаралық қорлар, академиялық алмасудың неміс қызметі (ДААД), білім және тілді үйрену саласындағы іскерлік Америкалық Кеңесі (AKCELS), USAID, TEMPUS және т.б. ұйымдастырған байқауларға гранттарды иелену үшін белсенді түрде қатысады.

- **ИНЕУ** - аймақтық ғылыми орталық. Оның құрамында бес ғылыми зерттеу институты бар: білім беру, аймақтық тұрақты даму мәселелері, тіл білімі, металлургия және энергетика, қолданбалы

биотехнология. Университетте докторлық диссертацияларды қорғайтын біріккен диссертациялық кеңес жұмыс жасайды. ИНЕУ ғалымдары он бір диссертациялық кеңестің мүшелері.

- **ИНЕУ** базасында ҚР Кіші Ғылым академиясының Павлодар бөлімшесі жұмыс жасайды. Дәстүрлі түрде «Білім және ғылым интеграциясы - болашаққа нық қадам» тақырыбымен республикалық деңгейде студенттер мен оқытушылардың ғылыми тәжірибелік конференциясын ұйымдастырады.

- **ИНЕУ** "ИНЕУ хабаршысы" ғылыми журналын, "Білім-Знание" газетін тұрақты шығаруда.

- **ИНЕУ** - бұл студенттік жылдардағы Мәдениет Академиясы мен спортклуб ұйымдастыратын ұмытылмас қызықты кездесулер, байқаулар, фестивальдер, денсаулық күні.

- **ИНЕУ** түлектерінің келешекте қолайлы қызмет орнымен қамтамасыз етілуге мүмкіндіктері зор. Өз түлектерін қызметпен қамтамасыз етуде университеттің кәсіби шындалу бағдарламалық орталығы озық кәсіпорындар, мекемелер және аймақтың мамандарға арналған агенттіктерімен тікелей қатынас жасайды.

**Университеттің  
кешендік құрамында:**

- Инженерлік академия
- инженерлік-технологиялық факультет
- энергетика және ақпараттық технологиялар факультеті
- Педагогикалық академия
- филология және журналистика факультеті
- жаратылыстану-педагогикалық факультеті
- Басқару академиясы
- бизнес және құқық факультеті
- аспирантура
- докторантура PhD
- Екінші жоғары білім және магистрлік факультеті
- Қосалқы оқу факультеті
- Кәсіби біліктілікті жетілдіру және кадрларды қайта даярлау институты
- Сырттай оқу факультеті.

**2008 - ТАЛАПКЕРІНЕ**



**ИНЕУ-ге  
оқуға  
түсетіндерге  
086-У  
үлгісінде  
медициналық  
анықтама  
тегін!**

**М.Горький көшесі, 102/4,  
"Денсаулық" Академиясы**



## АІСІІІ АЕАӨІНӨІЕӨАӘІІ ІС

- ҚР Инновациялық II конгресінде Қазақстан Республикасының инновациялық қызметіне қосқан қомақты үлесі үшін ИНЕУ-ге республиканың үздік жоғары оқу орны деген баға берді.

- ИНЕУ республикада алғаш болып енгізген оқытудың инновациялық технологиялық қосалқы түрі, корпорациялық серіктестіктері және жұмыс берушілері тарапынан қызу қолдау тапты.

- ИНЕУ-дегі басымды бағыттың бірі - білім ғылыми зерттеу институтының жоғары мектептегі басқару мәселесін зерттеуі. Зерттеу нәтижелері университет ғалымдарының магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертацияларында, монографиялары мен ғылыми мақалаларында жарық көрген. Алынған нәтижелері білім сапасын көтеруге бағытталған. Университет ғалымдары ҚР білім саласындағы нормативтік-заңнамалар қорын жасайтын жұмысшы комиссия мүшелері, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитетінің, ЖОО мемлекеттік аттестациялау және аккредитацияны өткізу жұмыстары комиссияларының сараптамышылары және мүшелері болып қызмет етеді. ЖОО өзін-өзі және білім сапасын бағалау бойынша Қазақстандық және ортаазиялық жоғары оқу орындары басшыларына оқу семинарларын өткізеді.

- ИНЕУ: "ҚР жануарлары мен өсімдіктерінің қауіпсіздігі үшін аса қауіпті инфекцияларды қоздырушыларды гендік тұрғыда қартирлауды және мониторингті ғылыми техникалық қамтамасыз ету", "Әр мақсатта қолданудағы жаңа келешегі бар материалдардың технологиялары мен ғылыми негізін жасау", "Агроөндірістік кешен саласын дамытудағы нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету" тақырыбы аясында республикалық деңгейдегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды жасауға атсалысады

- Университет ғалымдары тарапынан ҚР маркетингтік-аналитикалық зерттеулер орталығының тапсырмасы бойынша 2010 жылғы кезеңге дейін Павлодар облысының Стратегиялық дамуын жасады.

- ИНЕУ ҚР Білім және Ғылым министрлігі тапсырмасымен салыстырмалы әлеуметтік зерттеулер Институты "Цесси-Қазақстан" жүргізген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының рейтинг көрсеткіші бойынша, білікті мамандарды дайындау сапасы жағынан ҚР көпсалалы ЖОО-ның үздік бестігіне кіреді.

- Бүгінде Президенттік "Болашақ" стипендиясымен ИНЕУ-дің жеті оқытушысы мен студенттері білім алып, жүзден астамы - Жапония, АҚШ, Германия, Түркия, Нидерландыда білім алмасу бағдарламасы аясында кәсіби біліктіліктерін шыңдауда.

- ИНЕУ Қазақстандағы сапалы білімді қамтамасыз ету жүйесі бойынша ЕО жобасы бойынша апробациялауға қатысатын ҚР-ның бес ЖОО-ның қатарында.

## Талапкер-2008



СЕНІ ЖЕТІСТІККЕ  
АПАРАР ЖОЛ!

А.Ю.КАМЕРБАЕВ, ИНЕУ ректоры, т.ғ.д., профессор:

## «БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕ БІЗГЕ - 17 ЖЫЛ!»

Уақыт керуені өз ырғағымен жылжиды. Мектеп жылдары өте шықты. Талапкерлерді алда үлкен өмір мен қызықты жаңалықтардың, кәсіби қалыптасу кезеңі күтіп тұр - Кім боламын? Қайда оқуға барамын? Қай жоғары оқу орындары таңдаймын?



Жаңа бағыт, жаңа жол!

## ОҚЫТУ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ ИНЕУ-де

Университетте түлектердің бәсекелік қабілетін және білім сапасын арттыруға бағытталған кредиттік, рекуренттік, қашықтықтан, модульді-рейтингтік, тұлғалы-бағытталған оқыту технологиялары белсенді түрде енгізілуде. Соның бірі қашықтықтан оқыту түрі, үйден шықпай, жұмыс орнынан тыс кетпей жоғары оқу орында білім алу ИНЕУ арқылы "арман шынайылыққа айналды", -деуге болады

Бүгінде ақпараттандыру үрдісімен қазіргі заманғы әлемдік білім кеңістігінде заман талабына сай жаңа оқу түрлері пайда болды. Қашықтықтан оқу түрі әлемнің жүзден астам елдерінде жүзеге асуда: АҚШ университеттерінде, Испания ұлттық университеті, Қытай телеуниверситеті, Индира Ганди атындағы Ұлттық ашық университет (Үндістан), Пайнам Ноор университеті (Иран), Сукотай Тампариат ашық университеті (Тайланд) т.б. Қашықтықтан оқу дәстүрлі түрде білім алудан өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, бастысы қызмет орнынан алыс кетпейсіз және де мүмкіндігі шектелген азаматтарға оңтайлы таңдау. Білім алуда еркін оқу кестесімен жұмыс жасайсыз, басты талап, сіз жұмыс жасайтын жерде Интернет желісіне не электронды поштасы қосылған компьютер, сондай-ақ өзіңізде компьютерде жұмыс жасау тәжірибеңіз болу қажет. Себебі, әр ай сайын тьютор-оқытушы тарапынан On-line кеңес өткізіліп, толғандырылған сауалдарға жауап аласыз, ал оқу жылы соңында қортынды сынақтар тапсыруыңыз қажет.



Жаңашыл оқу әдісі ИНЕУ-де сәтті жүргізілуде, оған дәлел талапкерлер тарапынан сұраныстың өсуінен байқалады. Биылғы оқу жылында қашықтықтан оқыту түрінен ИНЕУ-дің барлық мамандықтары бойынша білім алуға және екінші жоғары білім алуға талапкерлерді қабылдайды.

## PhD Павлодарда



Павлодар қаласында, алғаш рет, Инновациялық Еуразия университетінің қабырғасында «Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторларының PhD бағдарламасы басталды.

Бұл шешім 2008 жылдың 29 ақпанында, ҚР білім және ғылым Министрлігінің бұйрығымен қабылданды. Университетіміздің кадрлық жағдайы мен дайындық деңгейін сараптап отырып, Қазақстан Республикасында ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және өз ісінің мамандарын қамтамасыз ету жұмысын ИНЕУ-ге сеніп тапсыруға болатынын шешті. Инновациялық Еуразия университеті - PhD бағдарламасы бойынша биотехнология саласының мамандарын даярлайтын республикамыздағы жалғыз жоғары оқу орны.

Біздің университет екі жыл бұрын өзінің 15 жылдығын атап өтті. Әрине, жоғары оқу орны үшін аз уақыт. Осы кезеңде оқытушылар мен студенттер ұжымы, университеттің материалдық негізі қарқынды қалыптасу кезеңін бастан кешірді. Университет нарық қиындықтарын өткере жас республикамызбен қатар өсті.

Университеттің республикалық басқа жоғары оқу орындарымен жағдайын салыстыра, алдыңғы қатардағы білім ордасы ретінде өзіндік беделі қалыптасқандығын байқаймыз. Оған өзіндік дәйектер де баршылық:

- ИНЕУ CAMEQ бизнес-білім сапасын көтерудің Орта-Азия бағдарламасы бойынша ҚР алғашқы ЖОО-ның бірі болып аккредитациядан өтті;

- оқу орнының сапалығы бітірген түлектерінің еңбек нарығындағы қызу сұраныс тудыратындығымен байқалуда;

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұлттық аккредитациялау орталығы құрастырған сауалнамалық көрсеткіш бойынша ИНЕУ ҚР-ның 60 көпсалалы жоғары оқу орындары арасында 6-шы орында.

2006 жылы қыркүйек айында ИНЕУ-де Бүкіләлемдік даму банкінің халықаралық сарапшылары тобы арнайы жұмыс атқарды, яғни Елбасы тапсырмасымен еліміздегі білім саласына баға берді. Нәтижесінде, ИНЕУ жекеменшік нысандағы жоғары оқу орындар арасында халықаралық байланыс бойынша, студенттерге жасалынатын жеңілдіктер жүйесімен ерекшеленді.

Өркениеттік әлемге білім мен ғылым арқылы жету мүмкіндігі, бүгінде ешкімге жасырын емес. Бұл айтылған ой Қазақстанның дамуы бағыттарынан айқын көрінеді, соның ішіндегі басым бағытының бірі әлемдік білім кеңістігіне кіру. Аталмыш бағытта Инновациялық Еуразия университеті табысты жетістіктерге жетуде деп сенімді айта аламыз.

Бізге - 17 жыл, барлығы енді басталады біз үшін. Біз барлық жаңашылдыққа, қарқынды дамуға ұмтыламыз. Біздің түлектеріміз әмбебап, академиялық тәуелсіз, халықаралық деңгейде мойындалатын білім алуларына университет тарапынан барлық қолдау көрсетіледі.

Талапкерлерге табысты сәттіліктер тілеп, өз біліміңді ИНЕУ-де жалғастыруға шақырамыз.

## ҮНДІЕУРОПАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТІЛ БІЛІМІ

Инновациялық Еуразия университетінің «Үндіеуропалық және шығыс тіл білімі» кафедрасы 2007 жылдың қыркүйек айында құрылған. Оның басты мақсаты: филолог-студенттерді сапалы жалпы тіл білімі тұрғысынан дайындау, жоғары білікті педагогика кадрларын даярлау, университеттің оқу үдерісіне үш тұғырлы тіл стратегиясын енгізу болып табылады.

2007-2008 оқу жылында алғаш рет «Шығыс филологиясы» (қытай тілі) мамандығы ашылды. Жаңа оқу жылында «Шығыс филологиясы» (араб тілі) мамандығы бойынша талапкерлерді қабылдау жүргізілмек. Онымен қоса, өткен оқу жылында, алғаш рет филолог-студенттер үшін екінші шет тілі ретінде испан, қытай, француз және араб тілдері енгізілді. Бұл пәндер бойынша университетіміздің жоғары кәсіби маман педагогтары дәріс береді. ИНЕУ-дің «Үндіеуропалық және тіл білімі» кафедрасы болашақта заманауи көп тілді білім беру саласына ұмтылуда.

Болашақ дамуымыздың бағытын таңдай отырып, ИНЕУ республикамыздың білім беру нарығындағы сұраныстарды қанағаттандыруда. Нәтижесінде, ИНЕУ өз түлектеріне баса назар аударатындай, әмбебап, жоғары білікті мамандарды даярлауда.

## АҢЕАДА АЕУӨ ДАЙЫНДЫҚ КУРСТАРЫ

ҚР жоғары оқу орындарына  
түсушілер үшін  
қазақ және орыс тілдерінде  
Жазылу - 20 және 21 маусым  
аралығы  
9<sup>00</sup>-дан 17<sup>00</sup>-ге дейін

Дәріс 23 маусым күні сағат 18<sup>00</sup>-  
де басталады

Сынақ тест түрінде  
өз біліміңді бағалау

Күнделікті, 9<sup>00</sup> және 17<sup>00</sup>

Біздің мекен жайымыз:

ИНЕУ-дің кәсіби бағдар беру және

қабылдау орталығы

Ломов к-сі, 45, 1 корпус. 115 кабинет.  
Тел. 57-00-15.

Білімнің ашар жолы кең



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАСТЫ БАҒЫТТАР

**Инновациялық Еуразия университетінде «Кешенді бағдарлама» аясында халықаралық білім беру жобалары негізгі төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады:**

### Бірлескен халықаралық білім беру бағдарламалары.

Инеу-де шетелдің жоғары оқу орындарымен бірнеше бағдарлама жұмыс жасайды. Біріншісі, 2006 жылы басталған, «Биотехнология», «Азық-түлік өндіру технологиясы» және «Агробизнес» мамандықтары бойынша Германияның Нойбранденбург университетімен қосалқы диплом бағдарламасы. Ал 2007 жылы ИнЕУ мен Нойбранденбург университеті аталмыш бағдарламаны қаржыландыру бойынша ДААД грантын ұтып алып, бүгінде 2008 жылдың қыркүйек айынан бағдарламаны жүзеге асырудың келесі сатысы - студенттермен алмасу басталады.

Грекияның Афины техникалық білім беру институтымен аталған бағдарлама аясында «Энергия қорын жандандыру технологиялары» мамандығы бойынша магистрлік курстар ашылууда. Қазіргі кезде

TEMPUS-TACIS Еуропалық Бірлестік жобасының қаржыландыруымен, мамандандырылған зертхана үшін құралдар тасымалданып, бұл жоба үшінші жыл қатарынан жұмыс жасауда.

Солтүстік Вирджиния университеті. Бұл бағдарлама ИнЕУ студенттерінің Іскерлік әкімшілік бакалавры мамандығы бойынша қосалқы диплом алу мақсатына бағытталған. Аталмыш жоба бойынша экономика мамандығынан он бес студенті бүгінде білім алуда.

### Шетелде білім алу бағдарламалары.

Осы жылы университеттің оқытушылары мен студенттері ДААД және Болашақ бағдарламасы бойынша Германияға, магистрлік, PhD бағдарламасы бойынша Нидерланды және Жапония елдеріне аттанды. Бұдан басқа, Халықаралық бөлім студенттеріміздің ДААД бағдарламасы бойынша Оснабрюк, Лихтенау, Гамбург, Киль және Берлин қалаларының ЖОО-на баруына жағдай жасамақ.

### Шетелде біліктілікті арттыру бағдарламалары.

Университетте химия және экология мамандықтары бойынша Польша және Португалия елдеріне, биотехнология мамандығымен Германиядан, Қытайдан ғалымдарды шақыру жүзеге асырылууда. Ал шетел студенттері экологиялық инжиниринг мамандығы бойынша ИнЕУ-ге келмек. Бұл бағдарлама ИнЕУ-дің халықаралық «IAESTE» студенттермен алмасу ұйымымен ұзақ мерзімге жасалған келісімінің арқасында жүзеге асырылууда.

### Шетел профессорларын шақыру.

Инеу-де бірлескен бағдарламалар бойынша жұмыс жасайтын, атап айтқанда Нойбранденбург / Германия/ және Афины /Грекия/ профессорлары дәріс оқиды. Осы жылы жұмысқа, университетіміздің экономика және дизайн кафедраларына АҚШ-тан, Шри Ланка елінен профессорлар шақырылды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС

**Инеу – Еуропалық Одақтың TEMPUS-TACIS бағдарламасы бойынша “Энергетика – Орталық Азияға қарай”: “Кәсіпкерліктің ғаламдық мониторингі” (GEM) жобасы бойынша, (USAID Бірге Прагма корпорациясы) екінші жыл сәтті зерттеулер жүргізуде.**

**Университеттің оқу қызметіндегі инновациясы төмендегі халықаралық және республикалық қорлардың жобаларын орындау нәтижесіне негізделген:**

- “Еуразия” қорының “Қазақстанның орталық және солтүстік аудандарындағы экономикалық сала мамандарын дайындау сапасын жетілдіру” жобасы;

- Мансаптық орталықты құру бойынша САМАН қоры;

- Бизнес және экономикалық білім бойынша Орта-Азиялық жоба “Тіркеу бөлімі жұмысын және кредиттік оқу жүйесін жетілдіру”(USAID);

- Еуропалық Одақтың TEMPUS-TACIS жобасы “Қазақстан ЖОО өзін-өзі бағалау және сапаны бақылау” және “Орталық-азия елдеріндегі қуат тиімділігі технологиялары бойынша магистрлік курс үшін жекелей пәндерді жетілдіру”;

- “Сорос-Қазақстан” қоры бойынша “Көпшілік тыңдау” жобасы, “Жоғары білім сапасын бағалау”, “ТМД елдерінің ЖОО оқытушыларының біліктілігін жетілдірудегі жаздық университет”;

- ҚР “Ғылым” қоры “ЖОО басқаруда тиімді жүйесінің қызмет етуінің ғылыми мәселелері” жобасы;

- USAID бағдарламасы бойынша (EERC) ТМД және Ресейдегі - білім және экономикалық зерттеулер консорциумы.

- Халықаралық гранттар бойынша университеттің дамуына 9 млн. АҚШ доллары тартылды.

- ИнЕУ - Еуропалық халықаралық білім ассоциациясының мүшесі (EAMO), Халықаралық білім институты (IIE Network), Орталық-Азияның менеджментті дамыту қоры (CAMAN), Орталық және Шығыс Еуропадағы қоғамдық басқару мектептері және институт желілері (NISPAcee), EdNet білім беру желісі, Кәсіпкерліктің ғаламдық мониторингі консорциумы (GEM), “Сібір ашық университеті” ассоциациясы. Ресей, Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Италия, Испания, Австрия, Финляндия, Греция және т.б.елдердің университеттерімен іскерлік қатынаста болуы ИнЕУ студенттері үшін еуропалық деңгейде білім алу мүмкіндіктері бар.

### Қайталанбас студенттік сәттер

ÀĬĬĬ ÀĚ, ÁĀĒÑĀĬ ÄĬ ÂĬ Ę, ÅĎĬĬ ÅĀ...

**Университет табалдырығын аттаған әрбір жас, өз уақытын тек қана күні-түні сабақ оқып, кітаптардың арасына көміліп, дәріс жаттап отырып міндетті емес деп ойлаймын. Әсіресе, қызықты студенттік шақтың адам өмірінде бірақ рет келетінін ескерсек (оның өзі 4-5 жылға ғана созылады екен). Бұл әрине оқуыңды тастап сауық-сайран күр деген сөз емес, оқуыңды жақсы оқы, бірақ бос уақытыңды бекер өткізбе, университетіміздің, жастардың, студенттердің қоғамдық өміріне аралас.**



Инновациялық Еуразия университетінде әрбір жас үшін өзінің студенттік өмірін қызықты және тиімді еткізуіне қолайлы жағдайлар жасалған. Соның бірі университетіміздегі студенттік ұйымдар. Бұл ретте біріншіден, құрылғанына міне екі жыл толған ИнЕУ-дің студенттер Альянсы. Аталмыш жастар ұйымы осыншалықты қысқа уақыт ішінде үлкен жетістіктерге жетіп,

студенттердің ұқыптылығы мен еңбексүйгіштігінің арқасында биік дәрежеге көтерілді. Қазірде университетіміздегі ешбір маңызды іс-шара бұл ұйымның қатысуынсыз өтпейді. Онымен қоса ұйымға мүше студент жастардың ойының ұшқырлығының арқасында, ИнЕУ мәдениет академиясының қолдауымен, көптеген мерекелік іс шаралар, қызықты студенттік

байқаулар, түрлі акциялар қарқынды өткізіліп отырады. Осындай жемісті жұмыстарының арқасында ИнЕУ-дің студенттер Альянсы жылдық қорытынды бойынша республикамыздағы ең үздік студенттік ұйым деп танылды. Бұл үлкен дәреже, мәртебе.

Екінші, жаңа да тәй-тәй басып келе жатқан ұйым, ИнЕУ ішінен құрылған «Тарлан» жастар қоғамдық бірлестігі. Бұл ұйымның бір ерекшелігі, барлық жұмыстары тек қана қазақ тілінде атқарылуы болып табылады. Құрылғандағы басты мақсаты да сол: қазақ тілін дамыту, рухани құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді насихаттау, қазақи орта қалыптастыру. Бұл ұйым студенттердің қоғамдық өмірге еркін араласып, өзін-өзі танып, өнерін, шығармашылық қабілеттерін дамытудың таптырмайтын жолы. Осы ретте «Тарлан» ЖКБ-нің ішінен «Қанатты қалам» әдеби үйірмесі, «Ұшқын» студенттік театр отауы, қазақша пікірсайыс орталығы және тағы басқа өнер үйірмелері жұмыс жасайды. Онымен қоса ұстанған мақсаты, бағыты бір қаланың өзге де студенттік ұйымдарымен тығыз байланыста.

Үшіншіден, университетімізде КТК (КВН) орталығы, пікірсайыс клубы, би мектебі, еңбек отрядтары жұмыс атқарады. Сондықтан, әрбір студенттің университет қабырғасында жүріп ақ, өзіне ұнайтын, жанына жақын істерімен айналысудың толық мүмкіндіктері бар. Бір айта кетері, университеттің қоғамдық өміріне қарқынды араласып жүрген студенттерге, оқу тұрғысынан, белгілі жеңілдіктер де жоқ емес.

Жалпы айтқанда, барлық жағдай жасалған. Ендігі таңдау өзінде, құрметті талапкер! Білім ал, еңбек ет, белсенді бол, ерінбе.

## ТӨРТІНШІ БІЛІК ТӨРІНДЕ



**Егер сіздің шығармашылық қабілетіңіз болса, сіз қашан да қоғамның бел ортасында, жаңалықтар тоғысында болғыңыз келсе, онда төртінші білік төріндегі бұқаралық ақпарат құралдары сапасын, яғни журналистика мамандығын таңдаған талапкерлер, төмендегі ақпарат сіздердің назарларыңызға.**

Инновациялық Еуразия университетінің филология және журналистика факультетінің «Қазақ тілі және журналистика» кафедрасы журналистика саласы бойынша күндізгі, сырттай оқу бөлімі, орта кәсіби білім негізінде және екінші жоғары білім бойынша мамандар даярлайды. Бұл жолда «Интернет журналистика», «Мерзімді басылым», «Р а д и о ж у р н а л и с т и к а», «Тележурналистика», «Журналистика, шетел тілі» мамандандыру салаларының бағыттары белгіленген.

Кафедрада ғылыми-практикалық тұрғыдан тәжірибелі мамандар, жоғары білікті оқытушылар дәріс береді. Ал мамандық бойынша журналистикаға кіріспе, қазақ журналистикасының тарихы, радио және телевизиялық журналистика, тіл және логика, публицистік шығармашылықтың негіздері, интернет журналистика, журналистикадағы менеджмент және маркетинг, шетел журналистикасы, этика, заңнама және БАҚ, әлем әдебиетінің тарихы, медиадизайн, стилистика және редакциялау пәндері оқытылады.

Университетті бітірушіге «журналистика бакалавры» академиялық дәрежесі және «журналист» біліктілігі беріліп, мемлекеттік үлгідегі диплом табыс етіледі. Түлектер өз кезегінде бұл дәрежемен:

- баспада, газет, журнал редакцияларында, радио және телестудияларда;

- мекемелер мен кәсіпорындардағы баспасөз орталықтарында, жарнама және ақпараттық агенттіктерде;

- оқу орындарында кәсіби қызмет ету түрлері бойынша жұмыс жасау мүмкіндіктері бар.

Болашақта студенттердің шетелде білім алуына, халықаралық білім беру бағдарламалары мен байқауларға қатысу және оқуларын магистратурада жалғастыру мүмкіндіктері бар. Сондай ақ, АҚШ, Германия, Ресей елдерінің қосалқы дипломдары бойынша бағдарламалар жұмыс жасауы таптырмайтын ұтымды таңдау.

## Инеу-2008 ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ

**Инновациялық Еуразия университетінің бас корпусында жылда дәстүрлі түрде өткізілетін ИнЕУ түлектерінің кезекті жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Ігілікті шара ертеңгі жас мамандар үшін маңыздылығы зор.**

Инеу - 2008 түлектері жәрмеңкесі аясында ұйымдастырылған аталмыш шараға «Алюминий Қазақстан» АҚ, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Ромат» ФК, «Сүт» АҚ, трамвай басқармасы, банк құрылымдары, облыстық және қалалық білім департаменті т.б. кәсіпорын ұйымдарының басшы өкілдері қатысты.

Бұл күні түлектеріміз инженер-техникалық, экономикалық, құқық және білім сынды әр түрлі саладағы

жұмыс беруші мекемелер қызметкерлерімен кездесіп, өздерінің жетістіктері мен мүмкіндіктері жайлы айту мүмкіндігіне ие болды. Педагогикалық Академия түлектерін облыстық білім департаменті мамандары аудандар мен ауылдық мектептерде және қалалық орта мектептерде тапшылық танытып отырған пән оқытушыларына деген сұраныстық тізіммен таныстырды. Кездесу барысында Павлодар аймағының белгілі бір мекемесіне

жұмысқа қабылданатын, ИнЕУ-де жоғары кәсіби білім жөнінде диплом алған жас мамандардың еңбекпен қамтылу шарттары да қарастырылды.

Түлектерге арнайы ұйымдастырылған іс шара барысында ИнЕУ-ді таңдаған қалалық мектептердің бітіруші түлектері де қатысып, ертеңгі күнге орай ұйымдастырылатын бұл шара маңыздылығын атап кетті. Дәстүрге айналған аталмыш шара университеттің өз түлектерінің ертеңгі күніне де бей жай қарамайтындығының бір дәлелі.

### Инеу-2008 телеспкеріне



Фотосуретті 10 пайыздық жеңілдікпен алуға арналған

ÒÀĚĬĬ

Помов к-сі, 45, 1 корпус



## ЖОО-на қабылдаудың кейбір жаңашылдықтары

**ИНЕУ-де аймақтық қабылдау комиссиясы:**  
Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарына түсу үшін республикалық кешенді тестілеуге және мемлекеттік грантты тағайындау байқауына құжаттар қабылдайды

### ЖОО-на ҚАБЫЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ КҮНДЕРІ

**20.06 - 01.07** - ИНЕУ-дің аймақтық қабылдау комиссиясы жұмыс істейді  
**20.06 - 01.07** - шығармашылық мамандықтарға түсушілердің өтінішін қабылдау  
**02.07 - 07.07** - шығармашылық емтихандар  
**20.06 - 09.07** - кешенді тестілеуге қатысушылардың өтінішін қабылдау  
**17.07 - 23.07** - өткен жылдардың түлектері мен бастапқы және орта кәсіби білім беру мекемелерінің түлектеріне арналған кешенді тестілеу  
**23.07 - 31.07** - грант тағайындау конкурсына қатысушылардан құжат жинау  
**10.08 - 25.08** - білім берудің барлық түрі бойынша ЖОО-на қабылдау

#### КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУГЕ ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

- орта білімі туралы құжат (түпнұсқасы);
- 3x4 см көлеміндегі 2 фотосурет;
- 086-У үлгісіндегі медициналық анықтама қағазы;
- төлқұжаттың көшірмесі;
- СТН көшірмесі;
- құжаттарды салуға баулы бума;
- конверт.

#### ГРАНТ ТАҒАЙЫНДАУ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- Білім жөніндегі құжат (түпнұсқасы);
- Тестілеу нәтижелері жөніндегі мемлекеттік сертификат;
- 3x4 см көлеміндегі 2 фотосурет;
- жеңілдіктер алуға құқық беретін құжаттар (жетімдер, мүгедектер, республикалық және халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың жеңімпаздары);
- 086-У үлгісіндегі медициналық анықтама қағазы;
- төлқұжаттың көшірмесі;
- құжаттарды салуға баулы бума;
- конверт

#### ЖОО-НА ҚАБЫЛДАНУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

- білімі туралы құжат (түпнұсқасы);
- тестілеу нәтижелері жөніндегі мемлекеттік сертификат (болған жағдайда);
- мемлекеттік грант тағайындау туралы куәлік (болған жағдайда);
- 3x4 см көлеміндегі 6 фотосурет;
- 086-У үлгісіндегі медициналық анықтама қағазы;
- төлқұжаттың көшірмесі;
- СТН көшірмесі;
- құжаттарды салуға баулы бума;
- конверт.

#### ЖОО-ға түсу жайлы ақпараттарды толығырақ мына мекенжайдан білуге болады:

Павлодар қ. Ломов көшесі, 45  
Тел. (3182) 57-00-15, 47-42-08.  
www.ineu.edu.kz  
E-mail: cdo@ineu.edu.kz

**2008 - талапкеріне**



ИНЕУ - жетістікке апарар жол

## КОЛЛЕДЖ орта кәсіптік білім

Күндізгі оқу (9, 11 сынып бітіргендерге)  
Сырттай оқу (11 сынып бітіргендерге)

#### Ақпараттық технологиялар бөлімі

**2103002** Электр станциялардың және кішігірім станцияларының электр жабдықтары  
**2105002** Электрмен қамтамасыздандыру

**2201002**

Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырағылары

**3704002**

Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелері (салалар бойынша)

**3706002**

Есептеу техникалары мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламамен қамтамасыз ету

#### Политехникалық бөлімі

**3002002** Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану

**4303002**

Үйлер мен ғимараттар құралысын салу және пайдалану

**4234002**

Тамақтандыру мекемелерінде тағамдарын өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру

#### Экономикалық бөлімі

**0703002** Қаржы (салалар бойынша)

**0703022** банк ісі

**0705002**

Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит (салалар бойынша)

**0712012**

Менеджмент (салалар бойынша)

**0307002**

Мемлекеттік тілде оқытылмайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

**0310012**

Дене шынықтыру және спорт

**0314032**

Бастауыш білім беру

**0201022**

Құқықтану

**0315012**

Бейнелеу өнері және сызу

#### ИНЕУ колледжінің КӘСІПТІК ЛИЦЕЙІ

0823001 Референт - хатшы  
0820001 Мейрамхана және қонақ үйі ісінің маманы  
0704001 Есепші  
3001001 Автокөлік механигі  
2916001 Газоэлектросварщик  
3310001 Электрқұрылысшы  
3710001 ЭЕМ операторы  
4305001 Өзірлеу жұмыстарының шебері  
4301001 Кең бейінді шебер құрылысшы

### Инновациялық Еуразия Университетінің жоғарғы білім алу мамандықтары

Шифр	Мамандықтар	4 таңдамалы пәні	Профильдік пәні	2007ж. жартылай өту бапдары			
				Қаз. бөлімі		Орыс. бөлімі	
				ж/к	а/к	ж/к	а/к
050102	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Биология	Математика	96	91	83	80
050103	Педагогика және психология	Биология	Биология	106	102	91	86
050108	Дене шынықтыру және спорт	2-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан	114	-	116	-
050109	Математика	Физика	Математика	81	77	66	60
050112	Химия	Химия	Химия	84	73	70	60
050113	Биология	Биология	Биология	106	103	86	83
050114	Тарих	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы	105	99	92	86
050115	Құқық және экономика негіздері	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы	111	109	106	100
050116	География	География	География	108	107	99	96
050117	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті	98	91	-	-
050118	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс әдебиеті	-	-	75	68
050119	Шет тілі: екі шет тіл (ағылшын тілі)	Шет тіл	Шет тіл	105	96	105	95
050123	Шет тілі: екі шет тіл (неміс тілі)	Шет тіл	Шет тіл	63	-	86	64
050121	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті	85	83	-	-
050122	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс әдебиеті	-	-	69	62
050203	Тарих	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы	109	108	104	99
050205	Филология: қазақ тілі	Әдебиет	Ана тілі	106	-	-	-
050224	Филология: орыс тілі	Әдебиет	Ана тілі	-	-	-73	-
050207	Аударма ісі	Шет тіл	Шет тіл	110	-	112	-
050210	Шетел филологиясы: ағылшын тілі	Шет тіл	Шет тіл	108	-	110	-
050212	Шетел филологиясы: неміс тілі	Шет тіл	Шет тіл	67	-	86	-
050213	Шетел филологиясы: араб тілі	Шет тіл	Шет тіл	105	-	105	-
050216	Шетел филологиясы: қытай тілі	Шет тіл	Шет тіл	113	-	112	-
050222	Шетел филологиясы: француз тілі	Шет тіл	Шет тіл	101	-	68	-
050301	Құқықтану	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы	104 АБ	-	111	-
050304	Кеден ісі	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы	112	-	109	-
050420	Сәулет	2-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан	114	-	116	-
050421	Дизайн	2-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан	109	-	114	-
050503	Психология	Биология	Биология	106	-	104	-
050504	Журналистика	2-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан	113	110	114	110
050506	Экономика	География	Математика	112 АБ	109 АБ	111 АБ	105 АБ
050507	Менеджмент	География	Математика	109 АБ	104 АБ	107 АБ	111
050508	Есеп және аудит	География	Математика	112 АБ	110 АБ	110 АБ	116
050509	Қаржы	География	Математика	114 АБ	-	112 АБ	-
050510	Мемлекеттік және жергілікті басқару	География	Математика	111 АБ	108 АБ	116	109
050601	Математика	Физика	Математика	102	98	89	72
050602	Информатика	Физика	Математика	107	104	92	82
050604	Физика	Физика	Физика	97	93	77	68
050606	Химия	Химия	Химия	105	100	99	93
050607	Биология	Биология	Биология	109	108	93	87
050608	Экология	Биология	Биология	108	106	98	90
050609	География	География	География	107	106	104	100
050701	Биотехнология	Биология	Биология	107	104	96	88
050703	Ақпараттық жүйелер	Физика	Математика	114	101	109	99
050704	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Физика	Математика	107	-	98	-
050709	Металлургия	Физика	Математика	83	-	74	-
050712	Машинажасау	Физика	Математика	87	-	78	-
050713	Көлік, көлік техникасы және технологиялары	Физика	Математика	102	96	85	77
050717	Жылу энергетикасы	Физика	Математика	97	91	91	80
050718	Электр энергетикасы	Физика	Математика	105	101	96	87
050720	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия	84	-	78	-
050721	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия	96	-	89	-
050727	Азық-түлік тағамдары технологиясы	Химия	Химия	82	75	75	60
050729	Құрылыс	Физика	Математика	102	95	93	79
050731	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	Физика	Математика	102	98	89	81
050732	Стандарттау, метрология және сертификаттау	Физика	Математика	109	108	102	94
050802	Зоотехния	Биология	Биология	81	79	76	72
050901	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Физика	Математика	109	107	95	85

**Ескерту:** АБ - «Алтын белгі» иелері  
С - спорт жарыстардың жеңімпаздары  
ж/к - негізгі конкурс  
а/к - ауыл квотасы